

**Л.Т. ТОҚБАЛАНОВА**

*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, ғылыми-зерттеулер жұмыстары менеджменті бөлімі*

### **ТҮРЛІ ПРОФИЛЬДІ ТІЛДІК ЕМЕС ЖОО-ДАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Берілген мақалада мәдениаралық құзыреттіліктің тілдік емес профильді болашақ мамандардың оқыту мақсатындағы құрылымындағы орны және оның шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікпен байланысы қарастырылады*  
**Түйін сөздер:** кәсіби мәдениаралық құзыреттілік, мәдениаралық аспектілер, оқыту мақсаттары, кәсіби қатысым.

Қазіргі кезде коммуникативті тәсілмен тығыз өзара байланыста арнайы мақсаттар үшін шетел тілін оқытуға мәдениаралық тәсіл дамуда, немесе солай аталатын лингвистика саласындағы білімнің мәдениаралық парадигмасы. Оның компетенттік тәсілмен үйлесуі лингводидактикада оның басқа лингвомәдени қауымына тиістілігін саналық және есепке алу негізінде коммуникация бойынша басқа тілді серіктеспен сөйлеу қатысымын құру қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін мәдениаралық құзыреттілік ұғымының пайда болуына алып келді.

Осыған байланысты тек тілдік емес, сондай-ақ түрлі профильді тілдік емес жоо-дар студенттерінің мәдениаралық құзыреттілігінің белгілі деңгейін қалыптастыру ең өзекті міндеті тұрады. Тілдік емес жоо-дың түлектері басқа мәдениетке тиісті әріптестерімен тікелей қатысымға дайын болу керек. Осындай қатысымның мақсаты – жаңа білімді өзінді құру, жалпы мағынасын өндіру. Осылайша түсінуге болатын мәдениаралық қатысымның мақсаты бір (коммуниканттардың біріне шетел тілі, кейде екеуіне де) тілде олардың тікелей немесе жанама қатысым үрдісіндегі басқа мәдени коммуниканттар (қандай да бір салалардағы кәсіби қызметтегі мамандары) арасында өзара түсіншілікке жетуді қамтамасыз ету керек. Осы мақсаттіпті шектеулі көлемде де мәдениаралық кедрерлердегі осындай қатысым үрдісінде сөзсіз пайда болатын өзіндік жеңіп шығуға, мағынаның мәдени компонентінің қатысушылары үшін жалпы қатысым құруға дайындықсыз қол жетпейді.

Тілдік емес жоо-дағы студенттерде мәдениаралық қатысымды қалыптастыру қажеттігі еш күмән туғызбайды, дегенмен лингвистикалық емес жоо-дар жағдайында осы құзыреттілікті қалыптастыру сол немесе басқа пәндік-мамандандырылған қатысым ерекшеліктерімен бірге шектеулі көлемде жүруі айқын. Мәселен лингводидактикада коммуникативтік және мәдениаралық тәсілдердің мағынасы туралы жалпы қабылданған ұстанымдардың болмауынан шиеленіседі. Оқыту мақсатын қоюға тікелей әсер көрсете отырып, олар ажырамас өзара байланысына қарамастан дамиды, шетел тілін оқытуға осы екі тәсіл арасында негізді айырмашылық бар, өйткені олар түрлі мақсатты тұжырымдауға шығады деп зерттеушілер белгілейді. Коммуникативтік тәсіл мәдениаралық – бимәдени тілдік тұлға [1], мәдениаралық коммуникант (мәдениет медиаторы) [2], мәдениаралық (мәдениаралық бағдарланған) мультимәдени тұлға [3] қалыптастырғанда тіл тасымадаушы коммуникативтік құзыреттілік нұсқасы бойынша модельдейтін шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікке бағытталған, содай-ақ түрлі оқу ұйымдарында шетел тілін оқыту мақсатын қалыптастыруда. Қандай да бір жағдайда екі құзыреттілікті интеграциялауға ұмтылу байқалады, өйткені олардың өзара байланысын айқын деп есептеуге болады. Оқытудың мақсаттары мен мазмұнында олардың интеграциясы тәсілдерінде және олардың екеуінің құзыреттіліктері, басым бағыттарының көрсетілген түрлерінің арақатынасы туралы сұрақтары, әсіресе тілдік емес жоо-дағы студенттердің, үйренушілердің нақты контингентінің талабына сай шешілуі керек.

Орта мектептегідей, тілдік емес жоо-да шетел тілін оқытудың иегері мақсаты туралы сияқты екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру туралы сұрақ қоюды шектеуде ғана болады. Осы шектеулер шеттілдік кәсіби қатысымда болашақ маманның талаптарымен анықталады, ол шеттілдік кәсіби бағытталған тілдік тұлға түсінігін енгізуге рұқсат етеді, соған сәйкес шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік лайық [4].

Мақала мақсаты – лингвистикалық емес бейінің болашақ маманның шетел тілін оқытудағы мақсаттар құралымында мәдениаралық құзыреттілік қандай орын алатынын және ол шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікпен қалай қатынасатынын белгілеу. Көптеген зерттеушілер коммуникативтік және мәдениаралық құзыреттіліктердің айырмашылықтарын көрсететінін, және де дәлірек олардың тығыз өзара байланысы мен өзара ықпалын ерекше айқындайтынын белгілейміз. Бұл кезде осы құзыреттіліктердің өзара байланысы мен өзара ықпалының сипаты әртүрлі түсіндіріледі. Бұл, мәдениаралық құзыреттілік тіл тасымадаушы құзыреттілігінен ұқсастығының болмауы және «тіл үйрену арқылы түрлі мәдениет ерекшеліктері сияқты олардың (мәдениеттер) өзара іс-әрекетінің ерекшеліктерін де таныған, тек тілдік тұлғаға – мәдениаралық коммуникантқа тиесілі болуы мүмкін» ерекше құзыреттілікті өзінше көрсетуге сәйкес көзқарасты бөлеміз [2]. Осында, «мәдениаралық құзыреттілік мәдениаралық қатысымда екі немесе бірнеше бар ұстанымдар (лингвистикалық немесе бұл шынында да мінез-құлықты) негізінде жаңа мағына «күруда» және лингвистикаға дейінгі, психологиялық компоненттерді енгізуде шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктен ерекшеленетіні» маңызды [2]. Мәдениаралық құзыреттілік компоненттері «соңғылардың мазмұнының бөлігін модификациялай отырып және оларға мәдениаралық өлшем қоса отырып, шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттерімен қатысты» тұжырымы маңызды болып көрінеді [2].

Жоғарыда белгіленген пікірге сәйкес, коммуникативтік және мәдениаралық құзыреттілік ішінара басып өзады. Осы тәсілді алып және осыған сүйене отырып, біз ойлаймыз, лингвистикалық емес жоо-да кәсіби мәдениаралық құзыреттілікті шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті жеке құру пайда болу процесінде тікелей қалыптастыруға болады. Ол үшін шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті құрайтын әр мазмұнына мәдениаралық аспект енгізу қажет.

Бұл ұстаным келесідегідей тұжырымдалуы мүмкін. Шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік тілдік емес жоо-да оқытудың соңғы мақсаты ретінде екінші тілдік тұлғаны қалыптасуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Егер де соңғысының барлық компоненттері мәдениаралық өлшеуді ескеріп қалыптастырылатын болса, онда кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке сәйкес компоненттеріне мәдениаралық аспектілер жиынтығы кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті құрайды. Кәсіби коммуникативтік құзыреттілік оқыту мақсатының дербес компоненті ретінде қарастырыла алады, ал шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік компоненттері бірі болып емес.

Басқаша айтқанда, жиынтығында мәдениаралық аспектілерді ескеріп шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік құрастырышыларын қалыптастыру, студенттерде құзыреттіліктердің ерекше түрін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, ал дәлірек кәсіби мәдениаралық құзыреттілікті.

Айтылғанға сүйене отырып, тілдік емес жоо-да оқыту мақсатын анықтағанда кәсіби мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру оқыту мақсатының дербес компоненті ретінде бөлінуі, ал оның мазмұны кәсіби қатысым саласында бірінші кезекте маңызды мәдениаралық қатысым мәселелесін шығару негізінде анықталуы керек. Осыған байланысты тілдік емес жоо-дар түлектерінің кәсіби мәдениаралық қатысым ерекшеліктерін анықтау, табысты мәдениаралық коммуникация қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылар құрылымында кәсіби таңбаланған сипаты бар элементтерін бөліп шырау қажетті болып табылады. Сол бір мезгілде осы құзыреттілік жалпы мәдени компонентті қосады, яғни анықтау мен сипаттауға жататын кәсіби іс-әрекет саласына тәуелсіз білім мен білік.

Біздің зерттеу ракурсында, мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру «тек мәдениаралық қатысым біліктерін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар олардың нақты мәдениет ерекшеліктері мен өзара қатынасының ерекшеліктерін үнемі танудағы эвристикалық тәртібі мен стратегиялары оның нәтижелілігін қамтамасыз ететін біліктерді қолдануды болжайды» деген ойды маңызды етіп ұсынады [2].

Сөзсіз, бұл пікір рефлексивті біліктерді дамытуды тұспалдайды. Бұл туралы «мәдениаралық құзыреттілік – бұл тілдік тұлғаға өзінің мәдени ұқсастығын жоғалтпай, өз мәдениетінен шығуға және мәдениет медиаторының қасиетін алуға мүмкіндік беретін қабілеттілік» [2], «мәдениеттер мен білік айырмашылықтары туралы білімі негізінде болып жатқан басқа мәдениет әңгімелесушімен бірыңғай мағынасын мәдениеттер арасында елші бола отырып құру қабілеттілігі», пікірі айғақтайды [2].

Осы туралы И.И. Халеева: «Мәдени жүйелілік жүйе шектеуінен асқан жағдайда танылатын адами өзара іс-әрекеттердің барлығы мәдениаралық болып табылады» деп жазады [1].

Кәсіби мәдениаралық құзыреттілік басқалар сияқты білім мен білік терминдарында да сипатталады. Егер білім туралы айтсақ, кәсіби мәдениаралық құзыреттілік қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқытудың мазмұнының мәдениаралық аспектісі өзіне коммуникацияда қиындықтардың себебі бола алатын тарихи және мәдени белгіленген айырмашылықтардың білімнің қажетті минимумын ғана емес, сонымен шетелдік әріптестермен қатысым процессінде осы қиындықтарды алдын-ала білу және меңгеруге қажетті білімдерді тарту ғана емес. Үздіксіз мәдениаралық өзін-өзі дамыту процессінің негізін тудыруға қабілетті осындай білім мәдениаралық құзыреттілікті қамтамасыз ете алу керек. Осындай білім студентте қатысымның мәдени және мәдениаралық аспектілеріне сезгіштігін, конструктивті диалогқа, ой-пікірмен ашық алмасуға, өзін-өзі бақылауға дайындығын, өз ұстанымын қайта қарастыруға, бөтен және өз мәдениетінің мәдениаралық қатысым процессінде үздіксіз рефлексивті ұғынуға қабілеттілігін және өзін өзі соның өкілі ретінде қалыптастыру керек.

Келтірілген білім мәдениаралық құзыреттілік мәнін құрайтын біріктірілген кәсіби біліктер негізін ұсынады. Осындай біліктердің дискрипторларын тілдік емес түлектері үшін бір жағынан, өз мәдениетіне коммуниканттар тиістілігімен туындаған ғылыми-кәсіптік салада қатысым қиындықтарын білуге, түсінуге және жеңуге, екінші жағынан, басқа тіл мемлекеттерінің мәдениетіне; кәсіби қатысымның мәдени және мәдениаралық аспектілерді шығаруға; мәдениеттердің конструктивті диалогын жүргізуге, ой-пікірлермен ашық алмасуға; өзін-өзі бақылауды жүргізуге, өз ұстанымдарын қайта қарастыруға, тиімді шешулер табуға, мәдениаралық қатысым процессінде өз мәдениеті сияқты басқа мәдениетті де, және өзін сол мәдениет өкілі ретінде үздіксіз ұғыну; оқылатын тіл мемлекеттерінің мәдениет нормаларына сәйкес өз тәлім-тәрбиесін құру деген біліктерді есептеген лайықты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Халеева И.И. Интеркультура – третье измерение межкультурного взаимодействия? (из опыта подготовки переводчиков) // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации: Сб. науч. тр. М.: МГЛУ, 1999. Вып. 444. С. 5-11.
- 2 Елизарова Г.В. Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе обучения иноязычному общению: Автореф. дис. ... д-ра пед наук. СПб., 2001. 38 с.
- 3 Плужник И.Л. Формирование межкультурной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки: Автореф. дис. ... д-ра пед наук. Тюмень, 2003. 44 с.
- 4 Евдокимова М.Г. Система обучения иностранным языкам на основе информационно-коммуникационной технологии (технический вуз, английский язык): Автореф. дис. ... д-ра пед наук. М., 2007. 49 с.

#### Л.Т. ТОКБАЛАНОВА

##### ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ ВУЗОВ РАЗЛИЧНОГО ПРОФИЛЯ

**Резюме:** В данной статье рассматривается место межкультурной компетенции в структуре целей обучения будущих специалистов неязыкового профиля и ее соотношение с иноязычной профессиональной коммуникативной компетенцией.

**Ключевые слова:** профессиональная межкультурная компетенция, межкультурные аспекты, цели обучения, профессиональное общение.

#### L.T. TOKBALANOVA

##### FORMATION OF INTERCULTURAL PROFESSIONAL COMPETENCE AT STUDENTS OF NOT LANGUAGE HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS OF A VARIOUS PROFILE

**Resume:** In this article the place of intercultural competence of structure of the purposes of training of future experts of not language profile and its ratio with foreign-language professional communicative competence is considered.

**Keywords:** professional intercultural competence, intercultural aspects, training purposes, professional communication.